Апталықтың ашылу салтанатында факультет деканы, п.г.к. А.Б.Медешева алғы сөз сөйлеп, өзінің баяндамасын презентациялады. Апталықта өтетін іс-шаралар жоспарына сәйкес С.М.Акимованың «Білім беруде бұлттық технологияны пайдалану», Г.М.Айтенованың, А.Н.Кумарованың, Б.Ж.Мухамбетованың «Физика мен математиканы оқытуға арналған цифрлық ресурстарды пайдалану», Б.С.Иманғалиеваның «Қозғалыс есептерін кіріктіре (физика-математика) оқытуға электрондық басылымдарды қолдану әдістері» тақырыптарындағы шеберлік сыныптары өткізілді.

Қазіргі уақытта бұлтты технология күннен күнге қарыштап дамып келеді. Информатика кафедрасының аға оқытушысы С.М.Акимованың шеберлік сыныпқа жиналған мұғалімдер мен факультет оқытушыларының назарына осы бұлтты технологияны ұсынды. Яғни, тұтынушының өз компьютерінде белгілі бір бағдарламаны іске қосқанда негізгі есептеулер мен ондағы мәліметтер интернеттегі шалғай серверлерде орындалып, сол жерде сақталады да, жұмыс нәтижесі жаңағы тұтынушының компьютерінде стандартты веб-браузердің терезесіне шығарылып көрсетілетіні туралы ақпарат берді. Сонымен қатар нақты мысал ретінде өзінің электронды журналдарында бұлтты технология негізінде толтырылатынын практика жүзінде көрсетіп, шеберлік сыныпқа қатысушылар Google drive ортасының қызметін қолдануға мүмкіндік алды.

А.Н.Кумарова Паскаль программалау тілінің физика пәнінің есептерін шешуде пайдасы мол екенін атап өтіп, сабаққа қатысушы қалалық мектеп мұғалімдеріне компьютерлер арқылы тапсырма беріп орындатты. Содан соң Б.Ж.Мухамбетова мен Г.М.Айтенова алгебра және геометрия сабақтарында қолданып, есеп шығаруға, оқытушыларға жаңа материалды түсіндіруге көп көмегін тигізетін GeoGebra, SmathStudio сонымен қатар, Advanced Grapher сынды бағдарламаларды кеңінен таныстырып өтті. Бұл бағдарламалардың мұғалім жұмысын жеңілдетіп, білім сапасын арттыруға көмегі зор екені түсіндірілді. Сабақ барысында әрбір бағдарламаның ерекшеліктері, есеп шығару үлгілері, график салу тәсілдері үйретілді. Осындай шеберлік сыныптар арқылы мұғалім жаңа педагогикалық технологияларды оқып үйреніп, меңгеру арқылы тәжірибеде қолданады және оны дамытып нәтижесін көрсетеді.

С.М.Маутеева GeoGebra бағдарламасы туралы және оны мектепте алгебра пәнін оқытуда қолдануда тиімділігін, графиктер салуда, жазықтықтағы, кеңістіктегі геометриялық фигураларды салудағы мүмкіндіктерімен таныстырса, Б.С.Иманғалиева физикада графикалық есептерді GeoGebra бағдарламасымен, оның ішінде қозғалыс есептерін координаталық әдістердің (декарттық, цилиндрлік, сфералық) түрлерімен шығару барысында қолдану жолын көрсетті. Сонымен қатар мектепте оқытушыларға математика мен физика пәндерін тығыз байланыстыра оқытса, болашақ студенттер ЖОО-да физикалық есептер шығару барысында қиыншылықтарға кездеспес еді деген өз ойын білдірді.

Апталықтың екінші күні физика-математика факультетінің әдістемелік апталығы аясында информатика кафедрасының «Смарт-технология арқылы информатиканы көптілігі оқыту» ғылыми-әдістемелік семинары оздырылды. «Біліктілікті арттыру жүйесіндегі смарт технологиялар» тақырыбы бойынша сөз алған «Өрлеу» БАҰО АҚ филиалы БҚО ПҚ БАИ директорының оқу-әдістемелік жұмыстары жөніндегі орынбасары Елдос Набиоллаұлы Сафуллин облысымызда біліктілікті арттыру жүйесіне енгізілген смарт технологиялар туралы «Оралдағы Өрлеу өрнектері» атты бейнебаянды қатысушылар назарына ұсынды. Елдос Набиоллаұлының практикалық жұмыстарды көрсету үшін әкелген HDMI, MHL кабельдері ноутбук, смартфон, планшет құралдарының экранын, аудио, видео жүйелерін 209-аудиторияда орналасқан смарт экранына шығарғаны да тыңдаушыларға әсерлі болды. Өсіресе, QR код, Group Play тәрізді қолданбаларды қатысушылар планшеттердің көмегімен өздері орындауға мүмкіндік алды.

Информатика кафедрасының аға оқытушысы Г.Қ.Амантурлининаның өткізген «Сайт арқылы электронды оқыту жолдары» тақырыбындағы ашық сабағында пайдалы білім беру сайттарының адресстері мен атаулары, сайттардың жұмыс жасау принциптері ұсынылды. Студенттерге www.e.edu.kz электронды оқыту порталының «Е-кітапхана» парақшасынан «MS WORD» бағдарламасында веб құжат жасау жолдары видео арқылы көрсетіліп, кейін компьютерде орындауға тапсырма берілді.

Апталықтың үшінші күні Д.Ж.Тлеккабылова мен З.М.Химеденова «Студенттер мен оқытушылар арасында онлайн интеллектуалды сайыс» ұйымдастырды. Онлайн режимінде жүргізілген сайысқа А.Тайманов атындағы №34 мектеп-гимназиясының 11-сынып оқытушыларымен бірге 5В070400–Есептеу техникасы және программалық қамтамасыз ету және

5В011100– Информатика мамандығының 1-курс студенттерінен құралған командалар қатысты. Студенттер мен оқытушылар компьютер тарихы, ғалымдар, ақпараттық технологиялар, программалау тақырыптары шеңберінде қамтылған тапсырмаларды орындауда белсенділік танытты. Өсіресе, мектеп оқытушылары ой ұшқырлықтарымен, алғырлықтарымен көзге түсті. Нәтижесінде командалар өділ қазылар тарапынан өділ бағаланып, №34 мектеп-гимназиясының 11-сынып оқытушылары 1-орынды, 5В070400– Есептеу техникасы және программалық қамтамасыз ету) мамандығының студенттері 2-орынды, 5В011100– Информатика мамандығының студенттері 3-орынды иеленіп, дипломдармен марапатталды.

Физика-математика кафедрасының аға оқытушысы Л.Г.Орлова «Формирование познавательного интереса у учащихся на уроках математики посредством электронного обучения» тақырыбында дөңгелек үстел өткізді. Дөңгелек үстелде электрондық оқытудың артықшылықтары айтылып, мысалдар келтірілді, білім алушылардың пәнге деген қызығушылығын қалыптастыруда электрондық оқыту тәсілдеріндегі сұрақтар талқыға алынды. Мұғалімдер мен оқытушылар өз тәжірибелерімен бөлісіп, пәнді оқытуда қазіргі заманға сай бейімделудің түрлі жолдарын көрсетуде ұтымды ойлар айтты.

23.02.2017ж күні информатика кафедрасының оқытушысы А.Т.Бекчурина мен физика мамандығының магистранты М.Кабидуллин интернет ресурстарын пайдалана отырып «Развитие творческих способностей и научно-технического потенциала студентов средствами образовательной робототехники» тақырыбында үйірме ұйымдастырды.

Жалпы робототехника логикалық ойлау мен программалауды, шығармашылық қабілет пен ұжымда жұмыс жасай білу дағдыларын дамытуда үлкен рөл атқарады.

М.Кабидуллин Lego Mindstorms EV3 жиынтығымен толық таныстырып, роботтардың жұмыс жасау принципі мен мүмкіндігін атап өтті. Сонымен қатар 5В070300 – Ақпараттық жүйелер мамандығының 2-курс студенті М.Тажуранов пен №42 Ақниет

2017 жылдың 16 ақпан күні информатика кафедрасына қарасты бірінші курс студенттері университетіміздің ғылыми кітапхана қызметкерлері ұйымдастырған «Ашық есік» күні шарасына барды.

«АШЫҚ ЕСІК КҮНІ» ҒЫЛЫМИ КІТАПХАНАДА



Бұл күні мәдени және рухани мұраны насихаттау мен кітапхана қорындағы сирек және құнды кітаптарды таныстыруды көздеген ғылыми кітапханаға қадам басқан студенттер кітап көрмесі, жаңа әдебиеттер, кітапхана тынысы, электрондық каталог арқылы кітап алу құрылымы мен технологиясы жайында ақпарат алу мүмкіндігіне ие болды. Бағдарлама барысында алдымен «Жаңа әдебиеттер» библиографиялық көрмесіне шолу жасалды. Кітапханаға әр сала бойынша жаңадан түскен кітаптар мен электрондық оқулықтар жайында библиографиялық-ақпараттық бөлімнің меңгерушісі Г.И.Джанбаева әңгімелеп, көрмедегі кітаптармен таныстырды. Содан кейін кітапханашы В.С.Мухтарова студенттерді оқу залындағы электрондық каталог арқылы кітап алудың RFID-технологиясы және құрылысымен таныстырды. Студенттер бұл технологияны қолданып жүргенін, оның кітап алу қызметін автоматтандыруда өте ыңғайлы инновациялық технология екенін айтты. Шара соңында студенттер «Сирек кітаптар мұражайына» экскурсия жасап, ондағы сақталған кітаптарды қарап, олардың тарихы жайында экскурсия жүргізуші А.С.Кадырқұлованың әңгімесін тыңдады.

Студенттер өздеріне қажетті рухани азық алып, бұл шараны ұйымдастырған кітапхана қызметкерлеріне, соның ішінде кітапхана директоры Т.Е.Әлімбаева мен оқырмандар сұранысын қамту бөлімінің меңгерушісі А.О.Габдуалиеваға ерекше алғыстарын айтып, риза болып тарқасты.

Гайнеш ГУМАРОВА,
информатика кафедрасының аға оқытушысы

гимназиясының 9-сынып оқытушысы А.Таласбаев роботтардың жұмыс жасау қызметі мен Lego Mindstorms EV3 робототехникалық жүйесінің көмегімен роботты программалауды, бейнебаянды демонстрациялады.

24.02.2017ж күні апталықтың жабылуы оздырылды. Мұнда апталық шеңберінде өткізілген шараларға (шеберлік сыныптар, дөңгелек үстел, ғылыми-әдістемелік семинар, ашық сабақ, үйірме, интеллектуалдық сайыс) шолу жасалып, өзіндік баға беріліп, ұсыныстар айтылып, қорытынды жасалды. Апталықтың ғылыми-әдістемелік шаралар кешеніне белсенді қатысқан мектеп мұғалімдеріне факультет деканы А.Б.Медешева сертификат табыстады.

Ел ертеңі бүгіннен басталады

9 ақпан күні информатика кафедрасының оқытушысы, магистр Д.Н.Курмашеваның басшылығымен 5В060200 – Информатика мамандығының 04307а, 04307б, 5В070300 - Ақпараттық жүйелер мамандығының 04308, 5В070400 – Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету мамандығының 04309-топтарының қатысуымен Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Үндеуі мен Жолдауын талқылауға арналған «Ел ертеңі бүгіннен басталады» атты кураторлық сағат оздырылды.

Кураторлық сағатқа М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің Құқықтық пәндер кафедрасының аға оқытушысы, заң ғылымдарының магистрі Нуржанова Айнагуль Канаткалиевна шақырылды.

5В070400 – Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету мамандығының 04309-топ студенті Өнәпия Айжан Қазақстан Республикасы Президентінің билік тармақтары арасында өкілеттіктерді қайта бөлу мәселелері жөніндегі Үндеуді презентациялады. Top студенттері арасында талқылау болды. Тәуелсіздіктің 25 жылы ішінде Конституциядағы барлық қағидалардың орындалуы нәтижесінде Қазақстан көптеген табыстарға қол жеткізді. Елбасымыз еліміз үшін аса маңызды да тағдырлы мәселені ұсынды. Яғни Конституция мен заңдарға өзгерістер енгізді.

Ұлт көшбасшысы, Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев жастарға ерекше сенім арта отырып, жастардың жағдайын жасауға баса назар аударады. Ел Президентінің жыл сайынғы Жолдауларының басым бағыттары жастармен тікелей байланысты. Елбасының Қазақстан халқына «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты жолдауын 5В070300 - Ақпараттық жүйелер мамандығының

04308-тобының студенті Сайын Айдана презентация көмегімен баяндады. Сонымен қатар студенттер Жолдаудағы жаңғыру мен негізгі бес басымдылықты жарыса атап, талқылады.

Студенттер баяндамаларға жақсы дайындалып, ойларын анық жеткізе білді. Құқықтық пәндер кафедрасының аға оқытушысы, заң ғылымдарының магистрі Нуржанова Айнагуль Канаткалиевна осы тақырыпқа байланысты топ студенттеріне Елбасының Үндеуі мен Жолдауы бойынша өз пікірін білдірді. Студенттер өздерінің көкейлерінде жүрген сұрақтарын қойып, оған жауап алу мүмкіндігіне ие болды.

Кураторлық сағат соңында студенттер көп дүниені көкейлеріне түйіп, жаңа белестерді бағындыруға ерекше ынта-жігер алды.

Елбасының жастарға арналған мына бір сөздері әр жас азаматтың санасында жаңғырып тұратыны анық: «...жастарға айтарым – сендер халықаралық кеңістіктегі бәсекелестік күрестен сырт қалмауға ұмтылыңдар. Ол үшін тиянақты білім керек. Сосын сол білімдеріңді өмірде жарата білуді, оны нақты пайдалана білуді үйреніңдер. Өсіресе не істеу керектігін жете түсінулерің қажет. Сонымен бірге, сендер қандай да бір өзгерістерге қашанда дайын тұруларың керек. Өйтпесе, ғаламдық деңгейдегі Қазақстанның бәсекеге қабілеттілігі әншейін бос сөз болып қалады».

Мақсат – айқын, міндет – біреу: ел еңсесін еселеу жолында аянбай еңбек етіп, білімнің алтын қазығын игеру. Олай болса, Елбасының мығым әрі мықты, сындарлы да салқалы саясатын қолдай отырып, ел игілігі үшін бар күш-жігеріміз бен білімімізді сала бермекпіз.

Өнәпия Айжан,
3-курс студенті



Баубек Бұлқашов атындағы жас журналистер клубының жаршысы

Газет - халықтың көзі, құлағы һәм тілі.

А. Байтұрсынұв

Журналист

(Journalist)



№2 (13), ақпан, 2017 жыл

Алаштану үзгі

Қайраткер Құлманов

Қазақстан Республикасының тәуелсіздік тізгінін өз қолына алуы Отан тарихын қайта жаңғыртуға мүмкіндік беріп, қоғамдық ғылымдар алдына зор міндеттер қойды. Біздіңше, сол сом міндеттер сапындағы елтану – алаштану мәселесінің бір бұтағы – тұлғатану ісі. Ал қазақ халқының біртуар ұлдары қаншама десейші! Сол тарихи тұлғалардың сапындағы - XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басында Бөкей өлкесінде елдің саяси-қоғамдық, әлеуметтік-экономикалық дамуына зор үлес қосып, кейін Алаш үкіметінің белсенді жетекшілерінің санатына қосылған Бақтыгерей Құлманов сынды қайраткердің өмірі мен қызметін зерделеу - бүгінгі тарих ғылымындағы аса өзекті мәселелерінің бірі.

Б. Құлманов 1859 жылы 22 желтоқсанда Астрахань губерниясындағы Никольск селосының маңайында (қазіргі Атырау облысы, Құрманғазы ауданы) туған. Өзі төре тұқымынан. Әбілқайыр-Нұралы-Есім сұлтаннан тарайды. 1881 жылы маусым айында Бақтыгерей Құлманов Орынбор гимназиясын күміс медальмен ойдағыдай аяқтап шығады. Б. Құлмановтың отбасылық ауыр жағдайына байланысты өрі қарай оқуын жалғастыру үшін Торғай облыстық әскери-губерниясынан шәкіртақы төлеуді сұрап өтініш жазғаны туралы қазіргі алаштанушы ғалымдар мақаласында айтылады. Өкінішке орай бұл үміті орындалмай Император атындағы Санкт-Петербург университетінің ректорына да өтініш жазып жолдаған екен. Өтініш соңында 1881 жылдың 14 қазаны деп көрсеткен. Санкт-Петербург қаласы басшылығы кеңсесіне 1881 жылдың 20 қазанында жазылған өтініште Бақтыгерей Құлманов «21-дегі жас адам, мінезі, ұстанымдары жақсы, тәрбиелі, тек жоғары оқу орнында оқуға төлейтін қаражаты жоқ, өзі Красноярск уезінде тұрады, анасы ауру, басқа да балалары бар, малшы отбасынан» делінген, яғни оның өте кедейшілікте тұратынын растайтын деректер жазылған. Осындай қиындықпен Б. Құлманов Император атындағы Санкт-Петербург университетінің заң факультетіне қабылданады. 1883 жылдың желтоқсанында Б. Құлманов университет ректорынан отбасылық жағдайына сәйкесті қаржы жағынан қиналыс болғанын айтып, оқуға қалдыруды сұрап өтініш жазған. Бұл құжаттарға сенсек, Бақтыгерей Құлмановтың жоғары оқу орнында қалуы өте қиын болғанын көреміз. Бірақ ол қалай болғанда да жоғары білім алуды табандылықпен армандаған. Бұл ұрпаққа тағылым боларлық тұс деп ойлаймыз.

Ал 1884 жылдың 3 қаңтарында Б. Құлманов Санкт-Петербург қаласындағы Император атындағы заң факультетінің араб-парсы бөліміне ауыстыруын сұрап, өтініш жазған. Сөйтіп, ол 1884 жылдың қаңтарынан бастап университеттің Шығыс тілдері факультетіне ауысады да, 1888 жылы 9 наурызда №877 дипломын алып шығады. Араб, парсы, осман, татар, орыс тілдері сөздігінен өте жақсы баға алып, университет кеңсесінің 1888 жылғы 17 қыркүйектегі ұйғарымымен кандидаттық ғылым дәрежесіне лайық деп бағаланады.

Санкт-Петербург университетінің мұрағатында Бақтыгерей Ахметұлына берілген кәмелеттік аттестат, жоғарыда аталған диплом және университет ректорының атына жазылған бір өтініштің көшірмесі сақталған. Аттестатта Б. Құлмановтың тәртібі, сабаққа қатысы, дайындығы, сондай-ақ жазба жұмыстарды орындауы, барлық пәндерге қызығушылығы, ынта-ықыласы өте жақсы екені айшықталған. Елін сүйген ер жоғары оқу орнын бітірген соң, еліне келіп, 1889 жылдан бастап, Астрахань губернаторлығының қарамағында Қамыс-Самар қисымының өкімі қызметінде болады.

Еліне етене жақын болған Б. Құлманов Бөкей Ордасының ең бір халық тығыз қоныстанған аудандарының бірі Қамыс-Самар қисымын 15 жыл бойы басқарған. Астрахань губерниясы статистикалық комитетінің жыл сайын жариялап отыратын естелік кітабында Бақтыгерей Құлмановты правительдікке алғаш тағайындалған кезінде 1889 жылы Орданың Қамыс-Самар правительі университеттік білімі бар ғылым кандидаты **Бахты-Керей Құлманов** деп жазса, ал 1890 жылы колледж секретариаты **Бахты-Керей Құлманов** деп көрсеткен, яғни оған лейтенант дәрежесіндегі әскери шен де берілген. Мұрағат деректері бойынша бұдан кейінгі жылдары оның шеніне қосымша **Сұлтан Бахты Керей Ахметович Құлманов** деген атақ берілгендігі айқындалған. Бұған қарағанда, оған сұлтан атағы шыққан тегіне емес, қоғамдағы орны, атқарып отырған қызмет дәрежесіне қарай берілген. Сөйтіп, империялық Санкт-Петербург университетінің түлегі, университетті ғылым кандидаты дәрежесімен аяқтаған Бақтыгерей Құлманов



1889-1903 жылдары аралығында Бөкей Ордасы Қамыс-Самар қисымында правитель қызметін атқарып, халық мүддесін қорғауда зор іс тындырып, ел басқару ісінде жоғарғы жетістіктерге қол жеткізе білген.

Ел патриоты Б. Құлманов Бөкей Ордасы жерінде туып өсіп, алғашқы білім тетіктерін осы хан ставкісіндегі Жәңгір мектебінде игерген, сондықтан оған елдің әлеуметтік-экономикалық, тұрмыс жағдайы өбден таныс болған. Көзі ашық, көкірегі ояу ұлт зиялыларының бірі ретінде ол қазақ елінің отарлық езгі жағдайында дамуы мүмкін еместігін түсіне білді. Өзінің туған халқының осы бір мүшкіл халін аз да болса да жеңілдету мақсатында ол өкімдік қызметті құп алды. Шынында да ол өкімдік қызметке кіріскен кезде жалпы Орда халқының, әсіресе, Қамыс-Самар қисымына қарасты елдің тұрмысы өте ауыр болатын. Әрине, бұл жағдай қазақ зиялыларын толғандырмай қоймады. Орал казак-орыстарының Орда қазақтарына жасап отырған озбырлығына қарсы ашық күресті алғаш бастаған көрнекті публицист, этнограф, экономист ғалым **Мұхаммед-Салық Бабажанов** болды. Ол Орынбор генерал-губернаторы В. Перовскийдің үстінен патшаға шағым жасаған хатында, сондай-ақ газет беттерінде жариялаған мақалаларында халықтың қайыршылық жағдайын егжей-тегжейлі баяндаған. Бірақ алға қойған мақсаты Орда жерін қазақ - орыстардан біржола тазартуға қол жеткізе алмады.

Бөкей Ордасы халқының негізгі шаруашылығы – мал шаруашылығы, сондықтан халықтың тұрмыс жағдайы да осы шаруашылықтың дамуымен тығыз байланысты. Қамыс – Самар экономикасын мұрағат деректері бойынша зерттей отырып, онда қосалқы шаруашылықтың да жедел қарқынмен дами түскеніне көз жеткізуге болады, әсіресе, балық аулау, тұз өндіру, кіре тасу сияқты шаруашылық кең дамыды.

XX ғасырдың басында қазақ жерінің Ресей империясы тарапынан отарлануы барған сайын күшейе түскен кезде, Б. Құлманов бұл мәселені тайсалмай Ресей үкіметінің алдына мәселе етіп қойып, шешімін табуды талап етті. 1903 жылы Бақтыгерей Құлманов Бөкей Ордасы қазақтары атынан арнайы делегациямен келіп, қазақ даласындағы басқару жүйесін жетілдіру және халыққа ауыр тиген жер мәселесі туралы талқылауларға қатысады. Б. Құлманов өзімен бірге барған С. Нұрмұхамедов, С. Жантөрин, Б. Шынтеміров сияқты қазақ зиялыларымен бірге, Ішкі істер министрлігінде болған кеңеске қатысып, өкіметтен тез арада жер мәселесін шешуді талап етіп, бірнеше ұсыныс енгізген. Әрине, жер мәселесін отарлық саясат жағдайында шешу мүмкін емес еді. Бірақ қазақ жерін тартып алып жатқан патша өкіметінің іс-әрекетіне

Үн қосу

Жаңғыру

Еліміздің үшінші жаңғыруы, Жүректерге қонады әрбір үні. Ерен еңбек етуде Елбасымыз, Сақта ұрпақ, жадында мәңгі мұны.

Ширек ғасыр оң-солын танып өтті, Отанымды әлемге мәлім етті. Отыз елге енгелі жатқан елміз, Жаһандық бәсекеге қабілетті.

Осылай болатынын сезген ішім, Қиындыққа халқымның төзгені шын. Салиқалы саясаты Елбасының Берекі болашақта өз жемісін.

Назерке ҚАЛЕНОВА,
ҚТӨ-13-топ

Дән

Баянды болашақ бүгіннен

Елбасының жыл сайынғы Жолдауларының барлығы дерлік еліміздің тәуелсіздігінің нығайуы, мемлекетіміздің іргетасын берік қалаудағы маңызды шаралар екені даусыз. Бодандық қамытын сыпырғанына көп уақыт өтпеген жас Отанымыз үшін Президентіміздің нұсқаған бағдары аса маңызды.

Осыған орай, ақпан айының 3-і күні университетімізде Елбасымыздың биылғы Жолдауымен жан-жақты танысуды мақсат тұтқан 1 курс студенттері ұйымдастырған арнайы шарасы өткізілді.

Шара барысында «ҚР Президентінің билік тармақтары арасында өкілеттіліктерді қайта бөлу мәселелері» жөніндегі Үндеуі мен «ҚР Үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Елбасының биылғы жолдауына қатысты алуан мәселелер таразыланды. Басқосуға «Махамбет» гуманитарлық зерттеулер институтының директоры, педагогика ғылымдарының докторы, профессор **Қыдыршаев Абат Сатыбайұлы**, факультет деканының орынбасары **Альмурзина Самал Серікқызы**, студенттік декан **Нұржанова Райхан Қанатқызы** қатысып, келелі мәселеге қатысты тұжырымды пікірлерін ортаға салды. Студенттер көкейлеріндегі түрлі сауалдарымен бөлісіп, сұрақтарына тұщымды жауап алды.

Дөңгелек үстел барысында айтылған тұжырымдар негізінде сапалы білім нөрін бойға сіңірген саналы ұрпақ өкілдері ретінде жаңа технологияларды меңгерумен қатар, ұлттық құндылықтарды жадынан жоғалтпаған жалынды жастар атануымыз керек екендігін нақтылай түстік. Еліміздің Әнуранымен шымылдығы түрілген шара топ жетекшісі **Нұргүл Асанбаеваның** түйін сөзімен жинақталып, «Еліміздің Үшінші жаңғыруы» атты өлең сөзімен тәмамдалды.

Назерке МАҚСОТОВА,
ҚТӨ-13-топ

қарсы шығып, өділетсіздікті дәлелдеудің өзі - жоғары бағалауға тұрарлық іс-әрекет.

Б. Құлмановтың саяси қайраткер ретінде белсенділік танытуы 1916 жылы I және II Мемлекеттік думаға депутат ретінде сайлануынан айқын көрінеді. Осы жылы 25 маусымдағы Патша Жарлығы қазақ халқының көптеген қазақ зиялыларының наразылығын туғызды. Әсіресе, Бөкей даласында бұл саяси толқуларға ұласты. Бақтыгерей Құлманов патшаның 19 бен 42 жас арасындағы қазақ азаматтарын тыл жұмыстарына алу туралы жарлығына қатты наразылық танытып, үн қатады, қазақ арасында үгіт-насихат жұмыстарын жүргізіп, қарсылық білдіруге шақырады. Ұлтшыл азаматтың бұл әрекеті патша өкіметінің назарын аудармай қоймайды. Сол тұстағы патша қызметкерлерінің бірі Р. Соколовский: « Маған жеткен мәліметтер бойынша Бөкей қазақтарының арасынан ақша жинап, Петроград қаласына жұмысқа алынған қазақ жігіттерін тізімнен босатып алуға аттанды», - деп жазады.

Алаш қайраткері Б. Құлманов 1917 жылы 6-13 желтоқсан аралығында Орынбор қаласында өткен жалпықазақ съезіне арнайы шақырумен қатысып, съезд төрағасы болып сайланған. Өкініштісі, 1919 жылы Жаңақалада ауыр науқасқа шалдығып, қайтыс болады. Бұл ретте кейбір энциклопедияда жазылып жүргендей, ол шетел асып ешқайда кеткен жоқ.

Қысқасы, алаш қайраткері Бақтыгерей Құлмановтың қазақ халқы үшін әр салада жасаған еңбектері ел жадында мәңгі сақталары кәміл. Ал өз тұсында елдік мәселелерді орнымен қозғай білген ұлт тұлғаларын тани түсу – бүгінгі ұрпаққа парыз іс.

Альфия БАЙБОЛСЫНОВА,
т.ғ.к., доцент,
Алмагүл ҚҰСПАНОВА,
тарих, экономика және құқық факультетінің
1 курс студенті

«Журналист» («Journalist») жаршысының жауапты редакторы – **Еркеназ Қалижан** («ФҚТ», Фил – 11 - топ), **Алмагүл Құспанова** (Тарих - 11-топ). Кеңесшісі – **Гүлден Амангелдіқызы**, «Махамбет» гуманитарлық зерттеулер институтының әдіскері



МАХАМБЕТ

(Голос Махамбета - Makhambet's voice)

дауысы



№2 (27), ақпан, 2017 жыл

Ереуіл атқа ер салмай,
Егеулі найза қолға алмай,
Еңку-еңку жер шалмай...
Ерлердің ісі бітер ме?!

Пока не оседлан боевой конь,
Пока копье не сожмет ладонь,
Пока не продолжен тернистый путь...
Разве одержишь победу, Герой!

Махамбет

Ұлт перзенті

Тұрмыстық құрмет



Көз алдымнан көп сурет көшеді... Жастықтың жалауын көтерген жылдар. Арман – алда, біз – жолда деген студенттік кезең. Өлеңді қыздың бұрымындай өріп жүрген шағым. Көшеге шықсақ асау толқындай өзгеге ағыс бермей қоятын сәтім. Алтын балдаққа қонған ақсұңқардай боп дәріс оқып отыратын ұстаздарым. Иә, көп сурет. Қазақтың керіпсалма өнімдей жалғаса береді.

Бүгінгі күннің биігінен ойласам, біз үшін ең қызырлы мекен осы оқу орны екен. Өйткені, ол Тұлға дайындады. Мемлекетіміздің ірі қайраткері Иманғали Тасмағамбетовтың бір өзі неге тұрады?!

Демің – көкте, денең – жерде жүретін пендеміз ғой. Ешкімнен сөз сұрай қоятын жазушы емеспін. Десе де, әр шығарма жарияланған сайын қысылатын жайым бар. Ол – маған тәлім берген ұстаздарым оқиды ма екен, оқыса – қалай қабылдады екен деген беймаза ой ылғи мазалайды. Бұл - оларға деген шәкірттік үлбіреген көңілім. Оларға деген мінәжат, тағзымым болса керек!

Менің 60 жылдық мерейтойымды да аса салтанатты ғып осы өзімнің алтын ұям бастап берді. Университет ректоры, академик, көрнекті қоғам қайраткері Асхат Иманғалиевтың

тікелей басшылығымен өткен «Текті сөздің зергері» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция мен менің өмірім мен шығармашылығым арналған деректі фильмінің өзі неге тұрады!

Жасы тоқсанның төріне озған ұстазым, курс кураторы Меруерт апай Жолдықайырованың ықыласының өзі адамды алтын шуаққа шомылдырғандай ғой.

Осы ізгілікті істің басы-қасында жүрген мен туған жердің перзенті, профессор Абат Қыдыршаев ініме де айтар алғысым зор.

«Ақ шелектей төңкеріліп Ай да қартайды, мен де қартайдым», дейтін ем, өзіп-шыны аралас. Сіздердің арқаларыңызда жасарып, жаңа дауыспен сөйлеп қайттым.

Рахымжан ОТАРБАЕВ

Өсиет

2017 жылы ақпан айының 6-сында қаламгер Рахымжан аға өзі оқыған, түлеп ұшқан туған университетіне кезекті бас сұқты. Бұл бір сәтті күн болды. Жазушы университеттің қалам ұстаған бір шоғыр жастарымен кездесіп, терең білім алу, өзіндік мінез қалыптастыру және ой еркіндігі турасында әңгіме өрбітті. Осындай мағыналы күнді ұйымдастыра білген ғалым-ұстаздарымызға мың алғыс айта отырып, көрнекті жазушы-драматург Рахымжан Отарбаевтың алтын кеудесінен шыққан, жастардың санасына ой салған түйіндерін төмендегіше жинақтай ұсынғанды жөн көрдім.

Ілгергі жасқа бірер кеңес

(Көрнекті жазушы-драматург Рахымжан Отарбаевтың университет студенттеріне қарата айтқан сөзі)

Жас достар! Ата-баба лұғатына құлақ түрсек, білімнің басы – бейнет, соңы – зейнет. Көзі жоқ, құлағы саудың ақылы толарына, құлағы жоқ, көзі саудың ақылы соларына қалай сенбессің. Ердің сөні – қашан да білім. Білім – ырыс тізгіні, ырыс қазығы. Бүгінде оқусыз білім, білімсіз күнің жоқ. Күш – білімде. Білекті бірді, білімді мыңды жығары даусыз. Білімі жоқ ұрпақ – жұпары жоқ гүлге тең. Үйренбей білім жұқпасы да ақиқат. Дұрысы, білімді бесіктен тесікке дейін іздену арқылы толтыру жөн. Жеті

ой, сана-сезім қалыптастыру аса қажетті алғы міндет те.

Адамның өз заманының көркі болғанына не жетсін. Әр адам өз заманының баласы да. Адамды заманы билейтінін ескерсек те, әр заманның бір көрегені болары даусыз. Десек те, адамның сырты алдамшы. Қалай болғанда да өркімнің өзі шығар биігі бар. Ал адамның құлағынан семіріріне сенсек, жасық адамның жасына жетпей қартайарын, асыл адамның жасына жетпей марқарыын ескерейік. Яғни, жұмсақ ағаш құртқа жем, жұмсақ



жұрттың тілін біл, жеті түрлі білім біл демей ме. «Жаста оқыған оқуың – тасқа жазғанмен бірдей» деуде қаншама тұңғыық мағына жатыр. Осы төмсілдерді ескерсек ғана, аттан тай озары, атадан бала озары күмәнсіз. Демек, көп оқыған білімдар болғанға не жетсін! Өйтпесе, мына заманда қарусыз адам секілдісің. Үлкен ғылым-білім ордасында тәлім алып жатырсыздар, енді оның да ауқымынан шығып, біраз нәрселерге үңіліп, біраз дүниелерді қарау керектігін ескергейсіңдер!

Ендігі кезекте өзіндік ой, өзіндік мінез қалыптастыру маңызды. Студент алғашқыда жаңа ортаға бейімделу кезеңінен өтеді, сол шақта өркімнің сөзіне сену, еру басым болмақ. Осындай жағдайда өзіңді ілгері алып шығатын, өзгешеліңді көрсететін басты белгі – өзіндік ой өре білу білігі. Бес саусақ бірдей емес болса, адамның ойы да түрліше, осы бастан өзіндік

адам жұртқа жем. Қысқасы, армансыз ер – жалаңаш. Арманы жоқ жігіттің пәрмені де жоқ. Олай болса, өзіндік мінез негізсіз сомдалмайды. Өзіндік мінез қалыптастыру жолы университет табалдырығынан басталмақ. Сынықтан өзгеңің бәрі жұғады десек, талабы жоқ жас – қанаты жоқ құспен, жалыны жоқ шоқпен тең. Бұндайда әдепсіз өскен адамнан, тәртіппен өскен тал жақсы. Тәрбиелі адам – тағалы атпен тең. Өбіш ғұлама айтады: «Заманауи мінез: қазір орынсыз момын болуға да, орынсыз пысық болуға да, орынсыз ақылды болуға да болмайды» деп. Қалай сенбессің? Сенесің! Сену үшін де өзіндік ой, көзқарас керек-ау. Демек, өз кезеңінде бүгінгі қарбалас тұста қағылез жастарымыздың өзіндік ойына жететін ештеңе жоқ деп білемін.

Бүгінгі өзекті тұс – жастардың өз ойларын еркін жеткізе алмауы. Адам болып туған соң, еркін көсіле ой өргенге не жетсін!

Балауса

Темірқазық

Ана тілім – баянды бақ тілімсің,
Судан таза, кіршіксіз ақ тілімсің.
Мәңгілікке ұлықтап өтетұғын
Шуағына шомылтар шаттығымсың.

Тілім менің - жарық жұлдыз аспандағы,
Арманның қиял жетпес баспалдағы.
Қадірін тілдің сұра керендерден,
Көлінен ұшпай қалған қасқалдағы.

Тіл деген - адастырмас темірқазық,
Бабалардың сөздері өмірге азық,
Қадірін тілдің сұра мылқаулардан,
Сөйлеуге құлшынатын көңіл жазып.

Баға жетпес сүйемін байлығымды,
Көңілімнен өшіріп қайғы-мұңды.
Тамырыңнан нәр алып туған тілім,
Құлатпаймыз асқарлы айбыныңды!

Әсемгүл НҰРМҰХАНОВА,
ҚТӨ-13-топ

Келешек

Тәуелсіздігім - елімнің мәңгі тұрағы,
Нар ақындардың таусылмайтуғын жыр-әні.
Барлық өнердің бастамасындай жарқырап,
Таласып күнмен желбіреп туым тұрады.

Мақтанамын мен жетістігімен елімнің,
Мақтанамын мен кеңдігіменен жерімнің.
Нәтижесі деп ойлаймын барлық жеңісті,
Ерлеріміздің ел үшін төккен терінің.

«Отан» деп ылғи соғып тұратын жүрегі,
Жастармыз біздер жалындайтуғын үнемі.
Бүгінгі ұрпақ білім нәріне сусындар
Елімнің мәңгі болса екен нақты тірегі.

Елбасымыздың үмітін ақтап және біз,
Тыңнан салған түрен жолына ереміз.
Қанатын қағып арманымыздың алысқа,
Келешек күнді көркейтеміз деп сенеміз.

Шаттық УДАЕВА,
ҚТӨ-13-топ

Сұңқар қанаты ұшқанда қатаймақ. Бұл жолда да жаңылмас жақ, сүрінбес тұяқ бола қоймас. Жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар деген. Темір сырын отта танытады, адам сырын жоқта танытады емес пе. Студент жастар айтар сөзін, ойын еркін, ашық жеткізе білуге осы бастан дағдылануы тиіс. Менің өмір өткелім екі кезеңнен тұрады. Бірі – студенттік шағымдағы Кеңес одағы құрамында болған кез, екіншісі – егемен елде «шал» болып отырғаным. Қоғам алмасып кетті. Уақыт топырақтай шашып жіберді. Белгілі дәрежеде ой еркіндігі сол үшін де керек.

Достар! Осы кеңес ретінде айтқан пікірлерім – болам-толам, жазам-сызам, болашақ тұлға тұрғысында қалыптасам деген жастың бойында болуы тиісті алғы ретте жолға қойылар біліктілік биігі-ау деп ойлаймын.

P.S. Қазақ халқы айтпай ма: «Он адам жүрген жерде із қалады, жүз адам жүрген жерде – соқпақ, мың адам жүрген жерде жол қалады» деп. Біздіңше, Рахымжан Отарбаев – қазіргі қазақ әдебиетіндегі өзіндік айқын ізі, бірегей соқпағы, дара жолы бар жазушы. Айтуды ақылды болса, тыңдаушы дана болады дегендей, қаламгер ағамыз тарапынан айтылған қамқор кеңестер - студенттер бойынан ғана емес, кез-келген саналы адам бойынан табылуы тиіс қасиеттер. Білім алу ешқашан кеш емес, сондықтан әр кезде жаңаша білімге, жаңаша көзқарасқа ұмтылыс болуы тиіс. Білімді жас – ел болашағы. Білімді адамның ойы қашан да ерекше, өсерлі. Қарымды қаламгердің өзіндік ойды екінші кезекте айтуы да тегін болмаса керек-ті. Білімсіз адамның өзіндік ойы қайдан болсын. Өзіндік ой – жарқын келешекке жетелейтін, өмір өткелдерінен сүріндірмей өткізетін бірден-бір белгі. Ой еркіндігі – адам баласына туғаннан бітетін құдірет іспетті. Қазақ жұрты еркіндікке үйренген халық, кейінгі жастарының да бойында да еркіндік болғанын қалары даусыз. Сөздің өзі ой арқылы жарыққа шықпақ, ендеше ой еркіндігі – сөйлеудегі еркіндік, өзіндік ерекшелік, сом тұлғалыққа бастар алғышарт. Қысқасы, қаламгер аға кеңестері бір тұлға бойына жиналса, мол жетістіктер мен белестерге жеткізері анық. «Кеңес қылған ел азбас, кеңінен пішкен тон тозбас» дегендей, бүгінгі заман талабына қажетті айтылған жазушы тұлғаның тұжырым-түйіндері өз дәрежесінде таратыла насихатталуы тиіс деп білеміз.

Өзірлеген, Сандуғаш САҒИДУЛЛИЕВА,
филология факультетінің III курс студенті,
ҚР Президенті атындағы шәкіртақы иегері

«Махамбет дауысы» («Голос Махамбета» - «Makhambet's voice») жаршысының жауапты редакторы - Әселханым Ғайнеден («ФҚТ», Фил-13 - топ), Сандуғаш Сағидуллиева («ФҚТ» 02305-топ). Кеңесшісі - Гүлден Амангелдіқызы. «Махамбет» гуманитарлық зерттеулер институтының әдіскері

Жүрегімізге жылу, көңілімізге шаттық сыйлар көктем мезгілінің алғашқы күнінде университетіміздің акт залында Ерсайын Төлеубайдың «Ай, қыздар-ай!» атты комедия жанрындағы қойылымы көрермен назарына ұсынылды.

«Мұрагер» студенттік театрының жетекшісі магистр-оқытушы И.И.Искакова болса, қоюшы режиссер МТЖ мамандығының 4-курс студенті Жанса Бақтығалиева. Ал, қойылымға қатысушылар МТЖ мамандығының 1 – 2 курс студенттері. Олар: Жүмен Назгүл, Тілекқабил Гүлзада, Махамбетова Назерке, Сағындықова Закира, Жексенова Гауһар, Ғатау Сағди, Нұрболатов Нұрдаулет, Садыков Нұрсұлтан, Меренов Бек өз рөлдерін шеберлікпен сахнада сомдап, көрермендердің ықыласына бөленді. Спектакльдің сәтті өтуіне мен де өз үлесімді қосып, басты рөлдердің бірі нәзік жанды, жасқаншақ, жақсы өмір сүруді, жақсы жар кездесе деп армандайтын Жанұя атты қызды сомдадым. Бұл қойылым мен үшін басқа спектакльдерден өзгереді, режиссердің көрерменге айтқысы келген ойы жастар арасындағы үлкен тартысқа ие



Ақмоншақ ЕСЕТОВА,
МТЖ-11 тобының студенті

тақырыптардың бірі болды. Өзіндік ерекшелікке толы қойылымда қозғалған тақырып қоғамда болып жатырған сан түрлі мәселелерді қамтиды. Режиссердің бұл спектакльді таңдауы бір жағынан, 8 наурыз Халықаралық әйелдер мерекесіне арналса, екіншіден, студент жастарға, көрермендерге жақсы көңіл күй сыйлау және ең бастысы, аялы сіңілілерімізге, құрбы-құрдастарымызға жар таңдауда, өмірлік серігін кездестіруде шалыс басып, қателікке бой алдырмасын, қойылым арқылы сабақ алсын деген оймен қойылды. Мен үшін 1 ай көлеміндегі дайындық кездері қызықты сәттерге толы болды, студенттік күндерімнің алғашқы баспалдағында бос уақытымды тиімді пайдаланып, қойылым арқасында көптеген тәжірибе жинадым. Актерлерге берілген тапсырма толығымен орындалды. «Мұрагер» студенттік театр жастары өздеріне мұра болып қалған қойылымдарды елі талай көрермен назарына қызықты етіп ұсынатыны хақ.

Жалынды жастар додасы



Ақпан айының 6-шы жұлдызында М.Өтемісов атындағы БҚМУ-дың Жаратылыстану-география факультеті, география мамандығының 3-курс студенттері арасында магистр аға оқытушы Ходжанова Балдай Хамизиқызының ұйымдастыруымен 28-ші Қысқы Универсиада ойындарына байланысты «Армысың, Универсиада!» атты кураторлық сабақ өткізілді.

2017 жылы Алматыда өткізілген бүкіләлемдік Универсиада Қазақстан елінің халықаралық қауымдастықтағы абыройлы орнын айқындайтын, елдің ішкі өмірі мен экономикасына, спорты мен туризміне оң әсер ететін ірі халықаралық спорттық шара болып есептелінеді.

29 қаңтар мен 8 ақпан аралығында өткен 28-ші қысқы Универсиада ойындарына әлемнің 54 елінен 17 мен 28 жас аралығындағы 1613 спортшы өз үлестерін қосты. Олар спорттың 12 түрінен бақ сынады. Атап айтқанда, тау шаңғысы, биатлон, шаңғы жарысы, шаңғы қосайысы, шаңғымен трамплиннен секіру, сноуборд, фристайл, мәнерлеп сырғанау, шорт-трек, конькимен жүгіру спорты, шайбалы хоккей (ерлер және әйелдер арасында) және керлинг ойындары.

Сайыс 8 спорт нысанында өткізілді, атап айтар болсақ, Алматы Арена, Халық Арена, «Медеу» мұз айдыны, Балуан Шолақ атындағы спорт сарайы, Кіші арена, «Шымбұлақ» тау-шаңғы курорты, «Сұңқар» халықаралық трамплиндер кешені, «Алатау» шаңғы және биатлон кешені, «Табаған» ойын-сауық кешені. Универсиада тарихында бірінші рет спортшылар жарыс уақытында тұратын Атлеттер қалашығы тұрғызылды.

Алматыдағы 2017 жылғы дүниежүзілік Қысқы Универсиаданың тұмары ретінде сұңқар таңдалды. Тұмарды ұсынушылардың пікірінше, сұңқар жылдамдықты, жеңілдікті, күш-қуат пен жеңіске деген құлшынысты бейнелейді. Логотип айқын көрінетін динамикалық пішіні бар сұңқар қанаты түрінде жасалған. Осы символға орай, Алматыдағы универсиаданың ұранына «Қанатыңды кең серпі!» тіркесі таңдалды.

Сонымен Алматы қаласында өткен 28-ші қысқы Универсиада ойындарының нәтижесі бойынша Қазақстан 11 алтын, 8 күміс, 17 қола жүлделермен екінші орынға тұрақтап, үздік үштіктің құрамына енді. Ал бірінші орынды 27 алтын, 25 күміс, 15 қола жүлдемен ресейліктер иемденсе, 11 алтын, 5 күміс, 5 қола жүлдемен Оңтүстік Корея елі үшінші орынды қанағат тұтты.

Қазақстан универсиадаға 1993 жылдан бері қатысып келеді. Осы жылдар ішінде 700-ден астам спортшы байрақты бәсекеде бақ сынап, 161 медаль иемденген екен. Қазақстан ТМД елдері арасында бірінші болып Қысқы Универсиаданы өткізу мәртебесіне ие болып отыр. Бұл - Қазақ елінің өлем алдындағы абыройлы ел екендігінің айқын дәлелі.

Алматыда өтетін Қысқы Универсиада қазақ спортшыларын биік шыңдарға бастап, Қазақстанды өлемге жаңа қырынан танытты.

Анар ОРАЗОВА

СНЕГ ВЫВОЗИТЬ НАДО СЕЙЧАС, ЧТОБЫ ВЕСНОЮ НЕ ЗАТОПИЛО

В самое ближайшее время, после многоснежной зимы, мы можем столкнуться с угрозой подтопления территории населенных пунктов города Уральск.

В целом на территории города насчитывается около 15 малых рек и озер. Самая высокая возвышенность - Свистун-гора, расположенная между пригородными поселками Зачаганск и Круглоозерное.

В весенний период возможно резкое повышение уровня воды до максимальных значений в реках Урал, Чаган, Деркул, в результате которого могут подвергаться подтоплению объекты, поселковые округа, южная часть города, садоводческие общества. Пик паводков на реке Урал в городе наблюдается с 1 по 5 мая, подъем может наблюдаться от 6...30 дней. Спад талых вод проходит гораздо спокойнее - на 5...10 см за сутки. Начало паводкового периода на реках Чаган и Деркул приходится на вторую декаду марта. Паводок на реках быстротечен. Средняя скорость подъема воды за сутки может достигать 30...90 см, а в иные годы и более. Пик приходится на третью декаду марта. Весеннее половодье и паводки по таким крупным трансграничным рекам, как Урал, Чаган формируются за пределами Республики Казахстан и зависят не только от естественного стока рек, но и от сбросов из водохранилищ, расположенных на территории Российской Федерации.

На междворовых территориях ситуация гораздо серьезнее. Как раз там по весне начнется потоп, оттуда на проезжую часть и во двора частных домов хлынет вода. Собственникам частных домов необходимо не в марте-апреле, а уже сейчас убирать свои территории.

При обильном таянии снега, подтопление угрожает некоторым участкам поселений, и в первую очередь, частным домам, расположенным в низинах и на территории садоводческих товариществ.

В основном все садоводческие товарищества обвалованы валами и оборудованы подземными дорогами, которые устроены без учета рельефа местности, естественных направлений прихода, сбора и стока воды (старич, ериков, проток). При высоком паводке поймы рек подвержены затоплению, которое повлечет:

- сбор и подпор воды перед валами и дорогами с их последующим прорывом и моментальном затоплении товариществ образовавшейся волной воды;

- общий подпор ходу паводковых вод по рекам, поэтапные прорывы валов и дорог товариществ, с накоплением воды внутри обвалованных частей с последующим усилением ее волны;

С целью предупреждения утраты и порчи имущества, недопущения несчастных случаев жителям необходимо принять следующие меры:

- Внимательно следить за метеосводками и уровнем воды в водоемах;

- Уточнить границы подтопления в районе проживания;

- Очистить придомовую территорию от снега, мусора;

- Прочистить существующие водоотводы (трубы), находящиеся на придомовой территории от снега, льда, мусора;

- Очистить оголовки водопропускных труб и трубы ливневой канализации от грязи;

- Подготовить набор самого необходимого на случай, если Ваш дом окажется отрезанным от (большой земли);

- Заранее продумать, куда убрать домашние, скот;

- Домашние вещи, продукты питания из погребов и подвалов по возможности перенести на верхние этажи, чердаки и другие возвышенные места;

- Во дворе оставить как можно меньше хозяйственной утвари, иначе вода унесет ее с собой. Если убрать вещи нет возможности, привяжите их;

- Емкость с бензином, керосином и другими горючими жидкостями хорошо закрыть, исключив возможность опрокидывания или выливания;

- Пожилых людей, больных, детей на время паводка лучше отвезти в безопасные места;

- Предусмотреть водооткачивающие средства: бытовые электронасосы (по возможности), ведра, лопаты и т.д.

Рекомендуем населению застраховать свое имущество во избежание нанесения материального ущерба весенним паводком.

Наибольшую опасность весенний паводок представляет для детей. Оставаясь без присмотра родителей и старших, не зная мер безопасности, так как чувство опасности у ребенка слабее любопытства, играют они на обрывистых берегах, а иногда катаются на льдинах водоема. Такая беспечность порой кончается трагически. Весной нужно усилить контроль за местами игр детей.

**РОДИТЕЛИ И ПЕДАГОГИ!
НЕ ДОПУСКАЙТЕ ДЕТЕЙ К ВОДОЕМАМ
БЕЗ НАДЗОРА ВЗРОСЛЫХ, ОСОБЕННО
ВО ВРЕМЯ ЛЕДОХОДА, ПРЕДУПРЕДИТЕ
ИХ ОБ ОПАСНОСТИ НАХОЖДЕНИЯ.**

Ольга ПРОТОПОПОВА,
главный специалист УЧС города Уральск
майор гражданской защиты

ҚОЛЖАЗБАЛАР АВТОРЛАРЫНА КЕРІ ҚАЙТАРЫЛМАЙДЫ. ДЕРЕКТЕРДІҢ ДӘЛДІГІ ҮШІН АВТОР ЖАУАПТЫ. ЖАРИЯЛАНЫМ АВТОРЛАРЫНЫҢ ПІКІРЛЕРІ РЕДАКЦИЯ КӨЗҚАРАСЫН БІЛДІРМЕЙДІ.

МЕНШІК ИЕСІ:

Махамбет Өтемісов атындағы
Батыс Қазақстан мемлекеттік
университеті.
Газет айына бір рет шығады.

Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде 14.06.1995ж. тіркеліп, тіркеу туралы нөмірі №11390-Г куәлігі берілген.

ҚР Байланыс және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінің келісімімен мерзімді баспасөз басылымдарын және (немесе) ақпарат агенттіктерін 10.12.2012ж. қайта есепке алу туралы №13213-Г куәлігі берілген.

Таралымы 800.

РЕДАКТОР:

Марта Орынбасаровна ДЖУМАГАЛИЕВА

ТИПШІЛЕР:

Сая ДУЙСЕНБАЙ, Айша КЕМЕШОВА

Корректор: Ақзия Адилевна НИЯЗГАЛИЕВА

БЕТ ҚҰРУШЫ & ДИЗАЙН:

Асель АБДУЛЛИНА

ФОТОСУРЕТ:

Рафхат ХАЛЕЛОВ, Оқу теледидары және графикалық жобалау зертханасы

Газет Редакциялық баспа орталығында теріліп, беттелді.
«Полиграфсервис» ЖШС баспаханасында басылды.
Мекен жайы: Орал қаласы, Л.Толстой көшесі, 27/3.
Тел.: 50-41-46